**Ата –аналарға (заңды өкілдеріне) және отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға арналған консультацялық пунк туралы**

**Ереже**

1.1.Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультациялық пункт сайтта және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «С.Торайғыров атындағы жалпы орта беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Балауса» шағын орталығы ұйымдастырылады.

1.2.Консультациялық пункт мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру мекемесінің құралымдық бөлімшесі болып табылады.

1.3. Консультациялық пункт ата-аналар (заңды өкілдеріне) және білім беру мекемесіне бармайтын балалар үшін жасалады.

1.4.Осы ереже мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде (бұдан әрі-МДБМ)жұмыс істейтін Консультациялық пункттер қызметтерін реттейді.

1.5. Консультациялық пункт мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі мен дамуында отбасыға көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

**2.Консультациялық пункттің жұмыс істеу мақсаттары мен міндеттері**

2.1. Консультациялық пункті отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігін және келісімдігін қамтамасыз ету,ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету,білім беру мекемелеріне бармайтын балалардың жан-жақты дамуына демеу болу мақсатында құрылды.

2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

МДБМ бармайтын балалардың дамуы үшін жағдайы қамтамасыз етуде,ата-аналарға (заңды өкілдеріне)жан-жақты көмек көрсету;

Мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесі,оқытуы мен дамуының әртүрлі мәселелері жөнінде ата-аналарға (заңды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

МДБМ бармайтын,мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету;

МДБМ және балалар мен ата-аналарға (заңды өкілдеріне)әлеуметтік және медициналық жәрдем беретін өзге де ұйымдар арасында өзара әрекеттестік қамтамасыз ету болып табылады.